

Г.М. Смагулова^{1*}, З.А. Какенова², К.Т. Тулеуова¹, Ш.К. Зипатолла¹

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан;

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: gylnara2005@mail.ru; z_kakenova@mail.ru; karlenok_91@mail.ru; zipatollashyngys@gmail.com)

«Құпия» белгісі қойылған ядролық сынақ полигондары: кеше және бүгін

Мақалада әлем елдеріндегі ядролық сынақ полигондары туралы баяндалған. Авторлар ядролық сынақ полигондарының қысқаша тарихына тоқталған. Ерекше түрде Қазақстан жеріндегі «құпия» белгісімен жұмыс істеген Семей ядролық полигоны қарастырылған. Оның кешегі өткен тарихындағы ядролық полигонды толықтай қарамағында ұстаған әскери-өнеркәсіп өкілдері мен полигон аймақтарындағы жергілікті тұрғындар арасындағы «ерекше қарым-қатынастар» туралы айтылады. Авторлардың пікірінше, бұл Мәскеу тарапынан қазақ жеріне жүргізілген озбырлық, «әскери колониализм», «ядролық колониализм» саясаттарының айқын көрінісі. Ядролық сынақтардан кейін пайда болған әлеуметтік, экологиялық, экономикалық салдарлардың бүгінгі күнге дейін жеткендігі және олармен күресудің жолдары түрлі деректер мен ғылыми зерттеулер арқылы көрсетіледі. «Құпия» белгісіне қарамастан сол кездің өзінде-ақ Семей ядролық полигонынан таралған радиацияның қауіпі туралы ақпараттармен бөліскен. Жергілікті халықтың денсаулығын «құпия» бақылаудың нәтижелері туралы баяндалады. Мақаланың мазмұнын ашу үшін авторлар объективті ұстаным тәсілін, методологияның жалпы ғылыми және арнайы әдістерін басшылыққа алған.

Кілт сөздер: ядролық сынақ полигондары, Семей полигоны, «әскери колониализм», «ядролық колониализм».

Kipicne

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін саяси күштердің тепе-теңдігіне ядролық қарулардың пайда болуы үлкен ықпалын тигізген оқиғалардың қатарына жатады. Ғылыми әдебиеттерде «атом жобасы» деген атаумен танымал болған ядролық қаруды жасау және оны сынақтан өткізуді әлемнің бірқатар елдері қолға алды.

Ядролық технологияны игеріп үлгергендер алғашқы кезде кейбір мемлекеттерге ядролық қаруды жасауда немесе жетілдіруде көмектесті. Мысалы, АҚШ Ұлыбританияға көмектесті және Израильдің ядролық қаруын шын мәнінде қолдады. Дәл осындай саясатты басқа мемлекеттер де ұстанды: КСРО — Қытайды, Франция — Израиль және Иракты, Канада — Үндістанды қолдады. Олардан басқа Швеция, Швейцария, Оңтүстік Африка, Бразилия, Оңтүстік Корея және басқа да кейбір мемлекеттердің тәуелсіз ядролық бағдарламалары болды және оны дамытты. Бүгінде аталған мемлекеттердің арасында ядролық қаруды сынақтан өткізетін бірнеше полигондары бар екені белгілі.

Дүниежүзінде ең бірінші болып ядролық қаруды пайдаланған АҚШ болғандықтан, зерттеуді осы елдің ядролық полигондары туралы баяндаудан бастағанды дұрыс деп есептейміз.

АҚШ-та Аломогордода (Нью-Мексика штатында), Биккини, Эниветок және Муруроа атолдарында (Тынық мұхитында), Невадада (Невада штатында) полигондары болды. Бірақ бұл полигондардан бұрын американдықтар екінші дүниежүзілік соғыстың аяғына қарай атом бомбаларын Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына тастаған еді. Ядролық жарылыстарын жасаған соң және оның салдарын көргеннен кейін АҚШ ядролық қару сынайтын жерлерді іздестірді. Таңдау Тынық мұхитындағы атолдарға түсті. Мысалы, 1946–1958 жылдар аралығында АҚШ Бикиниде 23 атом және сутек бомбаларын жарды. Ең жойқын жарылыс 1954 жылы болды. Оның салдарынан сынақ өткізілген бүкіл арал мен көршілес жатқан екі аралдың бір бөлігі жоғалып кетті.

Тынық мұхитының атолдарындағы полигондар АҚШ үшін бір жағынан тиімді болы, өйткені ядролық сынақтар өз территориясынан тысқары жерлерде жүргізілумен түсіндіріледі. Екінші жағынан, тиімсіз болды, атап айтқанда полигондар тым алыста орналасты, ол жерлердің ауа-райы өте ылғалды және құбылмалы, ең бастысы — айналадағы елдердің қатты наразылығы туындады. Содан кейін американдықтар полигонға арналған орынды АҚШ-тың аумағында іздей бастады. Ең ыңғайлы Невада штаты болды. Бұл АҚШ-тың ең танымал полигоны деп саналады.

*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gylnara2005@mail.ru

Ядролық қарудың түрлерін жасаған және оны сынақтан өткізген екінші мемлекет — КСРО. Ол ядролық сынақтарды Қазақстанның бірқатар өңірлерінде, Жаңа Жер архипелагы, Поволжье, Якутия жерлерінде жүргізді.

Алғашқы кеңестік Семей полигоны Қазақстан жерінде, атап айтқанда қазіргі Шығыс Қазақстан (бұрынғы Семей облысы), Павлодар және Қарағанды облыстарының шекарасында орналасты. Оның ауданы 18,5 мың шаршы метрді құрады. Оны ашу туралы шешімді 1947 жылы тамызда КСРО Министрлер Кеңесі қабылдады.

Семей полигонынан басқа Қазақстан жерінде бірнеше полигондар болған. Оларға алдағы уақытта жеке мақала арнайтын боламыз.

Ұлыбритания — өзінің ядролық қаруына ие болған үшінші ел. Рас, ядролық бағдарламасы жұмыс істеген уақыт ішінде Біріккен Корольдік ешқашан өз елінің аумағында ядролық қаруды сынамаған. Бірақ британдықтар өздерінің ең жақын одақтастары мен ресми үстемдіктерінің — Канада мен Австралияның көмегіне жүгінді. Британдық сарапшылардың пікірінше, Канаданың шөлді, халқы аз аудандары ядролық жарылғыш құрылғыны сынауға жақсырақ болған, бірақ Канада билігі өз үйінде, яғни өз елінде ядролық жарылыс жасаудан үзілді-кесілді бас тартты. Керісінше, Австралия үкіметі мейірбандық танытып, ағылшындардың ұсынысына қарсы шыққан жоқ. Нәтижесінде 1956–1963 жылдардың аралығында Австралияның шөлді жерінде Маралинга полигоны ашылды. Бұдан басқа ағылшындар Монтебелло аралында, Эму Филдс жерінде және Тынық мұхитындағы Рождество аралында ядролық сынақтарын жүргізді. Олар 40-тан аса сынақтар жасаған, оның ішінде 22-сі ауада сыналды және оның біразы американдықтармен бірлесіп жасалды [1; 9].

Ядролық қаруы бар төртінші мемлекет — Франция. Оның полигондары Алжир мен Тынық мұхитында орналасты. Өзінің бірінші атом бомбасын 1960 жылы 13 ақпанда Алжирдегі Реггон полигонында жарды. Бірақ Алжир өзінің тәуелсіздігін алған соң, француздар құрылықтағы полигонды Тынық мұхитына қарай ауыстырды. Осында француздар Муруроа атолында (бұрынғы Француздық Полинезия аралдары) 1966 жылы бірінші сынақтарын өткізді. Зерттеушілердің айтуынша Муруроа және Фангатауфа атолдарында екі түрлі сынақтар жүргізілген: 178 ядролық сынақ Муруроа, ал ең күштірек жарылыстар Фангатауфа атолдарында болды. Ядролық қаруды сынау және зарядтардың қауіпсіздігін тексеру сынақтары атмосферада да, жер астында да жүргізілді. Барлығы 41 атмосфералық сынақ жүргізілді, оның 37-сі Муруроа атолында және 4-і Фангатауфа атолында; олардың көпшілігінде ядролық құрылғылар жерден әуе шарының көмегімен айтарлықтай қашықтықта ілінген.

137 жерасты сынақтары өткізілді: 127-сі Муруроа атолында және 10-ы Фангатауфа атолында, олардың көпшілігінде ядролық құрылғылар маржан сақинасының астындағы немесе атолдар лагунасының астындағы тау жыныстарына бұрғыланған ұңғымаларға жіберілді.

Барлығы 15 заряд қауіпсіздігін тексеру сынақтары өткізілді: 5-уі атмосферада және 10-ы жер астында [2].

Франция 1995 жылдың 28 желтоқсанында атолда соңғы сынақтарын өткізді. Бүгінгі таңда белгілі себептермен аралға баруға тыйым салынған [3].

Қытай полигоны Лобнор елдің солтүстік батыс бөлігінде Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданының территориясында орналасқан. Мұнда алғашқы сынақ 1964 жылы 16 қазанда өтті (жарылыс қуаты 22 кт), ал 1967 жылы 17 маусымда оның аумағында алғашқы қытайлық сутегі бомбасы жарылған. Осы уақытқа дейін полигон аумағында 45 сынақ жүргізілді: 23 атмосфералық және 22 жерасты. Бұл шөлді аймақтағы ядролық сынақтарды халықаралық сарапшылар ең лас деп таныды. Жарылыстар кезінде радионуклидті ластану көршілес тау мұздықтарына дейін тарады. Қытаймен көршілес елдердің ғалымдарының айтуынша, мұздағы радиоактивті заттардың концентрациясы «ядролық сынаққа дейінгі» дәуірмен салыстырғанда бірнеше есе артқан [1; 74].

1974 жылдың 18 мамырында Үндістан Покхаран полигонында өзінің алғашқы ядролық қаруын жарды. Сынақтар «Күліп тұрған Будда» деп аталды және олар үшін халық тығыз орналасқан Раджастан штатында орын бөлінді. Алайда, бұрынғы ағылшын отары 1998 жылы бір полигонда бес ядролық жерасты жарылыстары сериясы жасалғанда ғана мойындалған әлемдік ядролық державаға және үшінші әлемнің көшбасшысына айналды. Осылайша, Үндістан өз күшін көршілес Пәкістанға көрсетті, ол да сол кезде ядролық қару жасаумен белсенді жұмыс істеп жатты. Бүгінде полигон жабық аумақ болып табылады. Жарылыстар жүргізілмейді, бірақ олар бомбылау және ядролық қаруды қолдану техникасын әзірлейді.

Пәкістан 1998 жылы 28 мамырда Чагай қаласының маңындағы полигонда алты ядролық жарылыс жасады. Кох Қамбаран тауында қазылған ұзындығы бір шақырымға созылған жерге зарядтар қо-

йылды. Полигон салу үшін 1976 жылы жер таңдалды. Сынақ жүргізуге шешуші фактор болған Рас-Кох тау жотасының граниттен тұруы болды, ал жергілікті тұрғындар негізінен көшпелілер еді. Мұндай жағдайлар сынақтарды ең аз зиянмен жүргізуге мүмкіндік берді. Алғашқы жарылыстардан кейін Пәкістанның ядролық бағдарламасы туралы ақпарат аз кездеседі және жаңа сынақтар жүргізілген жоқ.

Солтүстік Кореяның Пунги-Ри полигоны Хамгён-Пукто провинциясының Килху қаласына жақын жерде орналасқан. Оған үш туннель: Оңтүстік, Шығыс және Батыс порталдары арқылы кіруге болады. Алғашқы ядролық сынақтар 2006 жылы 9 қазанда жасалды. Содан кейін КХДР сынақтарын 2009, 2013 жылдары жүргізді. Жарылыстардың күші жіктелген, бірақ ядролық қару мамандары оларды тротил эквивалентінде 2-ден 10 кт-қа дейін бағалайды. 2016 жылдың 6 қаңтарында Пунги-Риде шығымы шамамен 10 кт сутегі бомбасының жерасты жарылысы жасалды. Бұл сынақ полигоны әлі күнге дейін жұмыс істеп тұр.

Жоғарыда аталған полигондардың арасында «құпия» белгісімен жұмыс істегендер болды. КСРО-ның Қазақстан жеріндегі Семейде және Жаңа Жер архипелагындағы орналастырылған ядролық полигондарға «құпия» белгісі қойылып, сынақтар мен оның зардаптарын зерттеу де құпия жүргізілді. Бұл полигондар алғашқы кезде «құпия» түрде жұмыс атқарса, кейінірек жартылай ашыла бастады. Әрине, бүгінгі күні ХХ ғасырда пайда болған полигондар тарихы кеше деп сипатталса, олардың салдары бүгін деп зерттеледі. Сондықтан бұл мақаланың мақсаты «құпия» белгісі болған Қазақстан жеріндегі Семей ядролық сынақ полигоны тарихының кейбір тұстарын қарастыру болып табылады.

Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында талдау және синтез, логикалық және жіктеу әдістері басшылыққа алынды. Аталған әдістер арқылы әлемнің әр жерінде орналастырылған ядролық полигондар туралы деректер мен ғылыми зерттеулер жинақталып, жүйеленді. Жинақталған материалдарға талдау жасалып, оларға объективті тұрғыдан баға берілді. Сонымен бірге тарихи-хронологиялық әдіс қолданылды. Аталған әдіс ғылыми зерттеулерде көрсетілген ядролық полигондардың пайда болған жылдарын, сыналған сынақтардың санын анықтап, салыстырмалы талдау жасауға көмектесті.

Мәселені талқылау

КСРО-ның Жаңа Жер архипелагындағы полигон 1954 жылдың 17 қыркүйегінде ашылды, ал ол жерде бірінші сынақ — су астындағы жарылыс 1955 жылы 21 қыркүйекте жасалды. Бұл полигонда барлығы 132 жарылыс жүргізіліп, қуаты бойынша кеңестік ядролық сынақтардың 94 % құрады (соның ішінде аумақтың ластануының төмендеуіне байланысты танымалдыққа ие болған әртүрлі қуаттылықтағы жерасты жарылыстары) [4; 324]. Ал Семей жерінде 1947 жылдан бастап алғашқы атом сынағы үшін әскери құрылысшылар ядролық жарылыстың күшін зерттеуге арналған «тәжірибе алаңын» дайындаған. Кейін бұдан басқа «Дегелең» және «Балапан» деген атпен тәжірибелік алаңдар жасқалып, ол жерлерде де жерасты ядролық жарылыстары жасалды.

Бірінші тәжірибе алаңы туралы зерттеуші К. Кабдрахманов былай деп сипаттап жазды: «...Алаңның ортасына 35 метрлік темір мұнара тұрғызылды, төбесіне зарядталған екі бомбалаушы орнатылды. Оған жақынырақ жерде танктер, артиллерия қаруы, жеңіл және жүк көліктері болды. Техникалардың кабиналарының ішіне экипаждармен бірге тәжірибе жасалатын хайуанаттар — иттер, қойлар, шошқалар, егеуқұйрықтар кіргізілді. Олардың бәрі өлуге мәжбүр болды. «Тәжірибе алаңынан» бір-біржарым шақырым қашықтықта теміржол және автомобиль көпірлері салынып, олардың үстінде вагондар мен жүк машиналары тұрды. Одан сәл қашықтау жерде тұрғын үйлер мен өнеркәсіп ғимараттары салынды. Көпірлердің оңтүстігінде екі жұмыс істейтін дизель генераторы бар электр станциясының ғимараты салынды, ал ғимараттан электр желісі созылды. Тіпті метроның беріктігі де сыналды: болашақ жарылыс ошағынан 200–300 метр қашықтықта әртүрлі метроның бірнеше конструкциясы салынды...» [4; 11–12]. Осындай дайындықтардан кейін, екі жылдың ішінде ауқымды жұмыстарды аяқталып, Семей ядролық полигонында 1949 жылы 9 тамызда қуаты 22,4 кт болатын бірінші кеңестік атом бомбасы жерүстінде жарылды. Оның салмағы да, көлемі де авиациялық бомба тәрізді, сондай-ақ бұл бомба құрылымы жағынан 1945 жылы АҚШ-тың Нагасакиге тастаған бомбасына ұқсас болды. Ал оның салдары мен зардаптары бүгінгі күнге дейін жетті. Нагасаки префектурасы жасаған есепте эпицентрден 1 шақырым қашықтықта болған адамдар мен жануарлардың бірден қайтыс болғандықтары, 2 шақырым радиустағы үйлердің барлығы дерлік қирағандығы туралы жазылған. Жалпы қираған ғимараттардың арасында тек 12 пайызы ғана аман қалған. 1945 жылдың со-

нына қарай қаза тапқандар саны 60-тан 80 мыңға дейін адамды құраған. Бес жылдан кейін қатерлі ісік ауруынан және жарылыстың басқа да ұзақ мерзімді әсерінен қайтыс болғандардың жалпы саны 140 мың адамға жетуі немесе тіпті асып кетуі мүмкін делінген [5].

Осындай қорқынышты да қайғылы жағдайлар Семей өңірін де күтіп тұрды. Тек Семей ядролық полигонына жақын орналасқан елді мекендерде халық тығыз орналаспағандықтан, олар үлкен өлім-жітімнен аман қалды. Бірақ жарылыстың салдарынан олардың үйлерінің қабырғалары айрылып кетті, шатырлары ұшып кетті немесе сынып қалды, жолдар бұзылды т.с.с. Өте ауыр салдары радиацияның таралуы мен оның әсерінен жергілікті халықтың сәуле ауруына ұшырауы басталды. Сол кезде жергілікті билік өкілдері неге дабыл қақпады, неге тұрғындарды қорғамады деген сұрақтардың туындауы мүмкін. Қазақстанның билік басындағылары «Орталықтың» өктем саясатына қарсы тұра алмады. Оның үстіне Семей полигонында атом қаруына сынақ «құпия» режимде жүргізілді. Құпия режимі жалған ақпарат тарату үшін қақпақ болды. Полигонның әскери-өнеркәсіп кешенінің өкілдері адамдарға жүргізіліп жатқан ядролық сынақтар мүлдем зиянсыз және қауіпсіздік жағдайларының сақталуы бақылауда деген сенім тудыру үшін барлық мүмкіндіктерді жасауға тырысты. Ең өкініштісі бұл бір ғана сынақ емес еді. Қазақстанның қасиетті жерін, ұлы Абайдың туған елін жүздеген ядролық сынақтар күтіп тұр еді.

Еліміздің архив қорларында Семей ядролық полигонына қатысты құжаттар бар. Солардың бірі Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде сақталған. Архив қорында «1949–1989 жылдар аралығында Семей сынақ полигонында өткізілген ядролық және ядролық емес жарылыстардың санын тексеру қорытындылары туралы» деп аталған құжат бар. Мұнда 1949–1989 жылдардың аралығында Семей полигонында жүргізілген ядролық және ядролық емес сынақтардың саны туралы материалдарды тексеруге байланысты құрылған комиссия мынадай мәлімет береді: «... сынақ кезеңінде полигонда 470 ядролық жарылыс болған, оның 26-сы жерүстінде, 87-сі ауада, 354-і жерастында және ядролық реакциясы жоқ 3 жарылыс болған» [6]. Құжатта жердің үстінде, ауада және жердің астында сыналған ядролық сынақтардың жылдары, күні мен айы, полигонның қай жерінде және қандай көлемде энергия бөлгендіктері туралы статистикалық мәлімет хронологиялық кесте түрінде берілген. Осы кесте арқылы мамандар мен зерттеушілер 1949–1962 жылдары ядролық жарылыстар жерүстінде және ауада өткен бірінші кезең, ал 1963–1989 жылдары ядролық жарылыстар жерастында сыналғандығын анықтайды. Соңғысы екінші кезең болатын.

1953 жылы 12 тамызда 400 кт бірінші сутегі бомбасы жарылды [4; 1]. 1949–1963 жылдар аралығында Семей полигонында сыналған зарядтардың жалпы қуаты Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе асып түсті. Бұл жылдар ядролық сынақтың бірінші кезеңі болатын. Осы кезеңде ядролық сынақтардың зардаптарынан экологиялық қауіпсіздік бұзылды, ауа мен топырақ ластанды, аңдар мен құстардың тіршілігіне үлкен әсерін тигізді. Ядролық сынақтардың басталғанына 1–2 жыл өткен соң-ақ зардап шеккен аудандарда адамдардың арасында аурулардың белгісіз түрлері мен өлім көбейді.

1963–1989 жылдардың аралығы ядролық жарылыстардың екінші кезеңін құрады. 1963 жылы КСРО, АҚШ және Англия арасында жер бетіндегі және ауада, су астында атом қаруын жаруға тыйым салу туралы келісімге қол қойылды. Осы келісімге сәйкес жер бетіндегі және ауадағы ядролық жарылыстар тоқтатылып, сынақтар жерастында жасалды. Ресми мәліметтер бойынша, Семей облысы мен ядролық сынақ жүргізілген аумаққа жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарының миллионға жуығы радиациядан зардап шеккен. Осылайша Семей облысы экологиялық апат аймағына айналды. Әскерилер қаншалықты «құпияны» сақтауға тырысқанымен, дабыл «Орталыққа» да жетті. КСРО Денсаулық сақтау министрі М.Д. Ковригинаның басшылығымен келген комиссия Семейдегі ахуалдың қиын екендігін түсінген. Сол себепті Қазақстан Ғылым академиясына кешенді ғылыми зерттеу жүргізуге рұқсат берген. Полигон аймағына 1957–1960-шы жылдары ғалым Б. Атшабаров басшылық жасаған Қазақ КСР Ғылым академиясының Өлкелік патология ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарының қатысуымен экспедиция ұйымдастырылып, кешенді зерттеу жүргізілген. Бір жылдан кейін экспедиция құрамына Мәскеудің бірнеше мамандары қосылған. Үш жылғы жұмыстың қорытындылары бойынша экспедицияға қатысқан ғалымдардың әрқайсысы өз саласы бойынша талдау жұмыстарын жазған. Нәтижесінде барлық зерттеулер бойынша 12 томнан тұратын есеп дайындаған. Бұл экспедицияның ғылыми-зерттеу нәтижелері республика мен КСРО басшылықтарына жеткен. 1958, 1959 жылдары Орталық Комитет пен Қазақстан Үкіметі арнайы шақырған кездесу барысында екі мәрте талқыланған. 1961 жылы Мәскеуде өткен ғылыми конференцияда қазақстандық ғалымдардың қатысуымен зерттеулерге қорытынды талқылау жасалып, қарсы жақтардың өткір пікірталасымен

аяқталған. Бұл туралы ғалым Б. Атшабаров 2002 жылы «Заблуждения, ложь и истина по вопросу оценки влияния на здоровье людей испытания атомного оружия на Семипалатинском ядерном полигоне» деген кітабында жазған. Ал 12 томдық есепке «өте құпия» деген белгі соғылып, Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін, ұзақ жылдар бойы оны халыққа жариялауға және оны ғылыми айналымға қосуға тиым салынды.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелері сынақ орнына жақын елді мекендерде қалқанша безінің қатерлі ісіктері, гемабластома, созылмалы лейкемия және басқа да аурулардың жиі кездескенін көрсетеді. 1950 жылдан бастап, нәрестелер өлімі 5–10 есе көбейді. Өмір сүру ұзақтығы 3–4 жылға қысқарды. Ал, полигон айналасындағы ауылдарда мутант балалар дүниеге келе бастады. Жануарлар мен қоршаған орта үлкен өзгерістерге ұшырады. Осындай өзгерістердің бар екенін, Семей полигонындағы атом қаруының зардаптарын, одан туындайтын әлеуметтік, денсаулық және экологиялық мәселелерді Б. Атшабаров экспедициясы сол жылдары-ақ дәлелдеп берді. Медицина саласында «Қайнар синдромы» деп аталған біртұтас ауру түрінің өзі де айғақ болады.

Жергілікті дәрігерлерге бұл ауруларды радиацияның әсерімен байланыстыруға тыйым салынды. Ал 1962 жылдан бастап КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің № 4 диспансері адамдардың денсаулығын үздіксіз тескеріп, өз бақылауларына алды. «Бурцелезге қарсы» № 4-ші диспансер деп аталған бұл медициналық мекеме де «ядролық колониализм» саясатын берік ұстанды, «өте құпия» белгісімен қызмет етті. Бұл мекемеге келіп қаралған науқастарға ешқандай ем, профилактика қолданбаған. Денсаулықтарына шағымданып келген адамдарға бақылау ғана жүргізген, ал оның нәтижелері тек Орталыққа ғана беріліп отырған. Оның негізгі мақсаты ядролық сынақтан кейінгі радиацияның адамға тигізген әсерін, оның мөлшерін бақылаумен ғана шектелген. Радиациядан зардап шеккендерге олардың ауруларын айтпай, басқа емханаларға жіберді. 1957–1989 жылдардың аралығында «Бурцелезге қарсы» № 4-ші диспансерді басқарған Б.И. Гусев әскери-өнеркәсіп кешені талаптары мен тәртіптерін «бұлжытпай орындаған» басшы болды. Оның басшылығымен радиациялық қауіп пен сәулеленудің тиімді эквивалентті мөлшері бар топтарының сандық және жас шамасы мен жыныстық құрамы жайлы деректерді қамтитын негізгі құжаттар әзірленді. Кейін бұл деректер базасы 1992 жылдың 18 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған «Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» № 1787-ХП Заңының жобасын жасауға мүмкіндік берді.

Осылайша Семейде жүргізілген «әскери колониализм» мен «ядролық колониализм» өзінің үстемдігін барлық жағынан көрсетті және бұл саясаттар Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін жүргізілді. Әскери-өнеркәсіптік кешеннің ядролық сынақтар сынау жоспарында жергілікті тұрғындарды қорғаудың арнайы шаралары қарастырылмады. Сынақтың салдарынан жергілікті халық жапа шекті. Радиацияның әсерінен түрлі індеттер кеңінен таралып, адамдардың өлімі көбейді, жан-жануарлар қырылды.

«Әскери колониализм» мен «ядролық колониализм» саясаттарына қарамастан Б. Атшабаров тәрізді біраз ғалымдар радиацияның әсерінен туындайтын аурулардың биологиялық, физиологиялық және генетикалық негіздерін көрсетіп, дәлелдеп қана қоймай, радиацияның әсерінен пайда болатын жүйке ауруларының, жүрек-қан жүйесі, бауыр қызметінің бұзылуы, асқазан-ішек жолының тарапынан болған патологиялық ауытқулар және басқа да адам мүшелерінің істен шығу себептерін ашумен айналысты. Зардап шеккендерді емдеп, қалпына келтіру шараларын ұйымдастырды. Тек 1989 жылы Семейдегі ядролық сынақ полигонын жабу үшін басталған, белгілі ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің жетекшілігімен құрылған «Невада-Семей» қозғалысы үлкен өзгерістер әкелді. Осылайша ұзақ жылдар «құпия» белгісімен жұмыс істеген Семей ядролық полигоны ашыла бастады. О. Сүлейменов Халықаралық «Жасыл әлем» ұйымына, «Адамзатты аман алып қалу» Халықаралық қорының комитетіне, Невада штатында (АҚШ) сынақтарға тыйым салу қозғалысын жақтаушыларға Үндеуін оқып, Қазақстанда ядролық сынақтарды тоқтатуды талап етті. Ядролық апатқа қарсы «Невада-Семей» қозғалысы ядролық сынақтарды тоқтатуға арналған үлкен жұмыстар атқарды. 1991 жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Жарлығымен полигон жабылды. Бұл маңызды оқиға 40 жыл «құпия» белгісімен жұмыс істеген Семей ядролық полигоны тарихының кешегі бетін жауып, жаңа бетін ашты.

Қорытынды

Семей ядролық сынақ полигонының жаңа тарихы Қазақстанның тәуелсіздік алуы, оның қалыптасуы кезеңіне дәл келді. Бұл кезде Қазақстан Республикасы жеке субъект ретінде танылып, әлем ел-

дерімен екіжақты және көпжақты қарым-қатынастарды орната бастады. Жаңа қарым-қатынастар мен ынтымақтастықтар Семей ядролық полигонына да өзінің оң ықпалын тигізді. 1990 жылы 30 қарашада бұрынғы Кеңес Одағының қорғаныс нысандарының бірі болып есептелген Семей полигонының тағдыры шешілді — Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Семей облысындағы полигонда ядролық сынақтарды өткізуге тыйым салу туралы қаулы қабылдады. 1991 жылдың 29 тамызында Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың № 409 Жарлығымен Семей полигоны жабылды. Осы уақыттан бастап Қазақстанның жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау саласындағы жаңа тарихы басталды.

1992–1994 жылдардың аралығында полигонның территориясындағы барлық құрылымдар бұзылып, оның орнына негізгі бөлімі Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығынан тұратын ғылыми базалар құрыла бастаған кезең болды. Жаңа орталықтың құрылуы бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонындағы жұмыстардың бағыттарын ұлттық қауіпсіздіктің талаптарына сәйкес өзгертті. Ең алдымен ядролық қару инфрақұрылымын жою үшін жасалған іс-шаралар Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы үкіметаралық келісім және Қазақстан, Ресей, Украина, Беларусь елдеріне жәрдем көрсету үшін АҚШ-пен әзірленген «Қауіп-қатерді бірлесіп қысқарту» (СТР) бағдарламасының аясында жүргізіле бастады. Екіжақты ынтымақтастықтың негізіне бірлескен өтінішке қол қойылып, арнайы бағдарламалар шеңберінде Семей полигонында жасалған кеңестік ядролық сынақ салдарын бағалау, оның бұрынғы территориясындағы әскери-өнеркәсіп кешенін конверсиялау жұмыстары әлі жалғасын тауып келеді. Бүгінгі күні Ұлттық ядролық орталық өзінің ғылыми-техникалық әлеуетін еліміздің ұлттық мүддесіне сәйкес жұмылдырып отыр.

2021 жылдың 31 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 185 қаулысына сәйкес «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген бұл заңда полигонның ластанған учаскелерінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және оның жарамды жерлерін шаруашылық айналымға беру үшін жағдайлар жасау көзделіп, Семей ядролық қауіпсіздік аймағындағы негізгі қызмет түрлері анықталып көрсетілген [7].

Ал әлем елдерінің ядролық сынақ полигондарының бүгінгі жағдайын айтатын болсақ, олардың басым бөлігі туристік объектіге айналған. Мысалы, АҚШ-тың полигондарының арасынан Аламогордо, Невада полигондарын айтуға болады. 2007 жылдан бері Қытайдың Лобнор полигоны туристерге ашылды.

Францияның полигондары Тынық мұхитында орналасқандықтан, табиғи қауіп-қатерлердің болу мүмкіндігіне байланысты, сонымен бірге Муруроадағы бірнеше сынақтардан кейін пайда болған вулканды жарықтан радиактивті элементтердің суға таралу қаупі туралы мамандардың болжамдарынан соң, бұл аралға туристердің келуіне тыйым салынды.

2018 жылы Солтүстік Корея ядролық және зымыран сынақтарынан бас тартатынын мәлімдеді. Ел жаңа стратегиялық бағыт алып, экономиканы нығайту жолдарын күшейтуге жұмыс жасайтындығын жариялаған болатын. Бірақ сынақтарды тоқтату туралы шешімге қарамастан, КХДР-дың ядролық потенциалы сақталып қалды. Билік өкілдері ел қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда қаруды пайдаланатынын жоққа шығармайды. Ал 2022 жылдың қыркүйек айында КХДР Жапония теңізіне қарай белгісіз баллистикалық зымыранды ұшырды деген хабарлар тарады. Бұл әлі де болса КХДР тарапының тұрақсыз саясатын көрсетеді.

Қорытындылай келе, қай полигонның болмасын зардаптары болғанын айтуымыз керек. Ядролық сынақтардың салдарынан радиациямен ластанған жерлер көбейді. Қазақстан жағдайында айтатын болсақ, Семей ядролық сынақ полигонының әскери-өнеркәсіп кешені ұзақ жылдар бойы тұрғындарға құпия түрде тәжірибе жасап келді. Жергілікті халық «сынақ материалына» айналды. Бұл жергілікті халыққа жасалған геноцид еді. Осылайша Қазақстан жері экономикалық, экологиялық шығындарға ұшырады. «Әскери колониализм» мен «ядролық колониализм» жүргізген саясаттан Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана азат болды. Бүгінде өз еркімізбен ядролық полигонды жауып, ядросыз ел болдық. Қазақстан Республикасы ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойды. 2019 жылы Президент Қ.-Ж.К. Тоқаевтың жарлығымен «Ядролық қаруға тыйым салу туралы» шарт ратификацияланды. Бұл еліміздің халықаралық қауымдастықта жаһандық қарусыздану үдерісінде көшбасшылардың бірі екенін көрсетеді. Сондықтан еліміз өткен тарихта Семей ядролық сынақ полигоны зардаптарын шеккендерге бүгінгі күні ерекше қамқорлық көрсетулері тиіс. Біздің пікірімізше, Семей ядролық сынақ полигоны аймағында төмендегідей іс-шаралардың жасалғанын дұрыс деп ойлаймыз:

- - халықаралық және еліміздің құқық нормаларына сәйкес ядролық қаруды сынаудан зардап шеккендерге медициналық көмек үзбей берілуі тиіс;
- - мемлекет тарапынан жекелеген адамдарды арнайы санаторийлерге жіберу арқылы сауықтыру түріндегі көмек жасалуы керек;
- - ядролық қарудың зардаптары тараған аймақта тұратын халыққа әлеуметтік және гуманитарлық қолдау ұйымдастырған дұрыс;
- - ядролық сынақтардың нәтижесінде бүлінген, қираған жерлерді және радиацияның таралуынан ластанған аудандардың қоршаған ортасын қалпына келтіру үшін тиісті іс-шаралар жүргізілуі керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Часников И.Я. Эхо ядерных взрывов / И.Я. Часников. — Алматы, 1996. — 96 с.
- 2 Гейл де Планк Э. Международное исследование радиационной обстановки на атоллах Муруроа и Фангатауфа. Исследование на атолле Муруроа [Электронный ресурс]. / Э. Гейл де Планк. — Режим доступа: https://www.iaea.org/sites/default/files/40405992123_ru.pdf
- 3 Не мирный атом: самые известные ядерные полигоны мира [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://esquire.kz/same-izvestne-yaderne-poligon-mira/>
- 4 Кабдрахманов К. Человеческие последствия испытаний ядерного оружия в Казахстане / К. Кабдрахманов. — Алматы: Өлке, 2003. — 336 с.
- 5 Атомная бомбардировка Хиросимы: 77 лет спустя [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.aa.com.tr/ru/8F/2654288>
- 6 АП РК. — Ф. 5-Н. — Оп. 1. — Д. 1020-а. — ЛЛ. 4-9.
- 7 «Семей ядролық қауіпсіздік аймағы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 наурыздағы №185 қаулысы / [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000185>.

Г.М. Смагулова, З.А. Какенова, К.Т. Тулеуова, Ш.К. Зипатолла

Ядерные полигоны с грифом «Секретно»: вчера и сегодня

В статье рассмотрены ядерные полигоны в странах мира. Авторы акцентируют внимание на краткой истории ядерных полигонов. В частности, изучен Семипалатинский ядерный полигон в Казахстане, который действовал под грифом «Секретно». Его прошлая история рассказывает об «особых отношениях» между представителями военной промышленности, полностью контролировавшими ядерный полигон, и местными жителями, проживавшими в районе полигона. По мнению авторов, это яркое проявление политики произвола, «военного колониализма» и «ядерного колониализма», проводимой Москвой, на казахской земле. Различные данные и научные исследования показывают, что до наших дней дошли социальные, экологические и экономические последствия, возникшие после ядерных испытаний, а также способы борьбы с ними. Уже тогда, несмотря на «секретный» статус, была информация об опасности распространения радиации с Семипалатинского ядерного полигона. Кроме того, были результаты «негласного» наблюдения за состоянием здоровья местного населения. Для раскрытия содержания статьи авторы руководствовались методом объективной позиции, общенаучными и специальными методами.

Ключевые слова: ядерные полигоны, Семипалатинский полигон, «военный колониализм», «ядерный колониализм».

G.M. Smagulova, Z.A. Kakenova, K.T. Tuleuova, S.K. Zipatolla

Nuclear test sites marked as a “secret”: yesterday and today

The article describes nuclear test sites in the countries of the world. The authors focus on a brief history of nuclear test sites. In particular, the article considers the Semey nuclear test site in Kazakhstan, which operated under the “secret” designation. Its history tells about the “special relations” between the representatives of the military industry, who completely controlled the nuclear test site, and the local residents of the test site areas. According to the authors, this is a clear manifestation of the policies of tyranny, “military colonialism”, and “nuclear colonialism” carried out by Moscow on the Kazakh land. Various data and scientific studies show

that the social, ecological, and economic consequences of nuclear tests, as well as ways to deal with them, have survived to the present day. Even at that time, despite the “secret” label, it provided information about the danger of radiation spread from the Semey nuclear test site. The results of the “secret” monitoring of the local population’s health are reported. To reveal the content of the article, the authors were guided by the method of objective position, general scientific, and special methods of methodology.

Keywords: nuclear test sites, Semipalatinsk test site, “military colonialism”, “nuclear colonialism”.

References

- 1 Chasnikov, I.Ya. (1996). Ekho yadernykh vzryvov [Echoes of nuclear explosions]. Almaty [in Russian].
- 2 Geil de Plank, E. Mezhdunarodnoe issledovanie radiatsionnoi obstanovki na atollakh Mururoa i Fangataufa. Issledovanie na atolle Mururoa [International study of the radiation situation on the Mururoa and Fangataufa atolls. Research on Mururoa Atoll]. Retrieved from https://www.iaea.org/sites/default/files/40405992123_ru.pdf [in Russian].
- 3 Ne mirnyi atom: samye izvestnye yadernye poligony mira [Not a peaceful atom: the most famous nuclear test sites in the world]. Retrieved from <https://esquire.kz/same-izvestne-yadernye-poligon-mira/> [in Russian].
- 4 Kabdrakhmanov, K. (2003). Chelovecheskie posledstviia ispytaniy yadernogo oruzhiia v Kazakhstane [The human consequences of nuclear weapons testing in Kazakhstan]. Almaty: Olke [in Russian].
- 5 Atomnaia bombardirovka Khirosimy: 77 let spustia [Atomic bombing of Hiroshima: 77 years later]. Retrieved from <https://www.aa.com.tr/ru/8F/2654288> [in Russian].
- 6 АР РК [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 5–N. — Op.1. — D. 1020-a. — LL. 4–9 [in Russian].
- 7 «Semei yadrolyq qauipsizdik aimagy turaly» Qazaqstan Respublikasy Zanyryn zhobasy turaly Qazaqstan Respublikasy Ukimetin 2021 zhyly 31 nauryzdagy N 185 qaulysy [Resolution No. 185 of the Government of the Republic of Kazakhstan of March 31, 2021 on the draft Law of the Republic of Kazakhstan “On Semey Nuclear Safety Zone”]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000185> [in Kazakh].